

Бәйтерек ӨСКЕМЕНДЕ ДЕ БОЙ көтерді

(Соңы. Басы 1-бетте)

Айталық, 97 метрлік биіктікте салынуы 1997 жылы Арқа төсіне астананың көшірілуін және жаңа кезеңге қадам басқанын айғақтайды. Ал жалпақ жаһанда алғаш рет күн шапағынан түсін өзгертіп тұратын «хамелеон» әйнегінен жасалған диаметрі – 22 метр, салмағы 300 тонна шардың ішінде алақан бейнесі бар. Бұл «Аялы алақан» – мемлекет басшысының оң алақанының бедерлемесі мемлекетке ұқыпты қарауды, әрі осы елдің тұрғындарына деген тату-тәтті өмірді, достық пен жарасымдылыққа деген ниетті білдіреді. Сондай-ақ онда «Бата» деп аталатын мағынасы зор композиция ойластырылған. 2003 жылы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастама-

сымен Астанада бас қосқан әлемдік діни конфессиялардың жетекшілері берген ақ батасы бұл.

Салмағы мың тоннадан асып түсетін 500 діңгек қадамен бекітілген әдемі монументтің құрылысына металл, шыны және бетон пайдаланылған. Бәйтерек негізінен үш бөліктен тұрады: 4,5 метрдегі төменгі деңгейінде дәмхана, аквариум, суреттер қойылған минигалерея бар. Баған бойымен лифт арқылы жоғары көтерілгенде ортаңғы деңгейден өтіп ең жоғарғы қабаттағы шарға жетеді. Ол жер жаңа астанамыздың кескін-келбетін қызықтайтын панорамалық зал.

«Әлем ағашы» деген идеяны насихаттайтын «Астана-Бәйтерек» монументінің

бәйтерек түрінде алынуы да тегін емес. Бәйтерек – қазақ ұғымында тамырын тереңге жайған, қандай дауылға да төтеп беретін өте мықты, өсіп-өнуге құмар, болашағы жарқын ағаш. Міне, Елбасының әуелдегі идеясы осыны меңзесе керек.

Бүгінде шартараптың аңсарын өзіне аударған, қызығушылық тудырған ғажайып монументтің шағын көшірмесі қаламыздың сән-салтанатын аша түсуде. «Центрэнерго-экспертиза» ЖШС-нің мамандары жасаған шағын Бәйтеректің жұмысына жұмсалған бюджет қаржысы босқа кетпегені көрініп тұр.

– Мынау жақсы бір бастама болды. Өзімді Астанада жүргендей сезініп тұрмын. Жасым келіп қалса да жақын маңда тұрған соң

ашылу шарасын көзбен көруге немеремді жетектеп әдейі келдім. Жастарымыздың ел мен жерге деген сүйіспеншілігін арттыру үшін мұндай қадамдардың жасалып жатқаны өте орынды, – дейді Қадылбек атамыз.

Енді, қаламызға келіп-кеткен қонақтарды да, жергілікті тұрғындарды да, сәбилерін жетектеген ерлі-зайыптыларды да, сезімдері лаулаған ғашықтарды да, өздері шау тартып қалса да көңілдері қартаймаған қарияларды да осы маңнан табасыз. Бәрі жарқылдап жүр, бәрінің төбелері көкке жеткендей.

СУРЕТТЕ: «Бәйтеректің» түнгі көрінісі (1-бетте).

Суретті түсірген Есімхан Орынбаев